

Алматы қ.

2023 жылдың 17 қазаны

**Құрметті Президент мырза, Қазақстан Республикасының Парламенті мен
Үкіметінің басшылығы!**

«ҚазНедра» Қазақстан тау-кен Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (Kazakhstan Chamber of Mines) (бұдан әрі – **«Қауымдастық»**) Сізге ерекше ізет пен терең құрмет білдіреді.

Қауымдастық Қазақстанның тау-кен саласында жұмыс істейтін ұлттық және халықаралық компанияларды біріктіреді. Оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі ең ірі үш лицензия иегерлері мен Қазақстанның жаңа кен орындарын барлаумен айналысатын ең белсенді геологтар бар. Хаттың соңына «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – **«Жер қойнауы туралы кодекс»**) қабылдануына байланысты пайда болған, келген немесе инвестицияларын кеңейткен мүше компаниялардың толық тізімі қоса беріледі.

2023 жылдың 15 қыркүйегінде Астана қаласында Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінің (бұдан әрі – **ӨҚМ**) ұйымдастыруымен Қазақстан геологтарының Съезі (бұдан әрі – **«Съезд»**) өтті. Съездге Қауымдастық мүшелері де қатысты.

Съезд жұмысын жалғастыра отырып, бір топ геологтар өз бетінше Съезд Резолюциясын қабылдады және Қазақстан Республикасының басшылығына жер қойнауын пайдалану реформасын қайта қарау, **Кеңес Одағы кезінен мұраға қалған** бұрын жойылған реттеу тетіктерін қалпына келтіру және басқа да нарықтық емес міндеттемелерді енгізу қажеттігі туралы Үндеу жасады.

Қауымдастық **аталған Резолюция мен Үндеудің Съезде талқыланбағанын және Съезд делегаттары аталған геологтарға съезд делегаттарының атынан Резолюция мен Үндеуді әзірлеуді сұрамағанын, тағайындамағанын немесе өкілеттік бермегенін** мәлімдейді.

Қауымдастық Резолюциядағы және осы Үндеудегі бұл бастамаларға үзілді-кесілді қарсы. Резолюция мен Үндеудегі бастамалар 2018 жылғы маусымда енгізілген Жер қойнауы туралы кодекс аясында жүргізілген тау-кен өндіру секторының реформасына нұқсан келтіреді және саботаж жасайды. Қазақстан Республикасы басшылығының нұсқауларына, мәлімдемелері мен уәделеріне және ЭЫДҰ-ның жетекші елдерінде қабылданған тәжірибеге қайшы қарар мен Үндеуде баяндалған бастамаларды қабылдау инвестицияларды түбегейлі қысқартады немесе одан әрі Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау мен өндіруге инвестициялауды мүмкін емес етеді.

Қауымдастық барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, барлық бастамаларды ашық, демократиялық және жалпы қабылданған рәсімдерге сәйкес жан-жақты талқылауды жақтайды.

Қауымдастық Қазақстан Республикасының басшылығынан Жер қойнауы туралы кодекстегі жер қойнауын пайдалану реформасын оның мазмұнын түбегейлі өзгертусіз және қайта қараусыз табандылықпен, дәйекті және толық жүзеге асыруды сұрайды.

Жер қойнауы кодексіндегі реформаның идеясы мен мәнін біздің Қауымдастық мүшелері қолдайды, сондай-ақ 2018 жылғы ЭЫДҰ есебінде және 2023 жылғы ақпандағы Дүниежүзілік банк баяндамасында (Қазақстан тау-кен секторының диагностикалық есебі) қолдау тапты.

Дүниежүзілік банк Қазақстанның тау-кен секторының диагностикасы туралы есепті құрастырған кезде біздің қауымдастықтың мүшелері сауалнама жүргізді. Реформаны жүзеге асырудың барлық мәселелері мен ұсыныстары осы есепте көрсетілген. Есепте реформаны қайта қарауға шақырулар немесе ұсыныстар жоқ. Барлық ұсыныстар реформаны жүзеге асыруды жақсарту мақсатында, оның ішінде Президенттің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауына сілтеме жасай отырып берілген.

Қауымдастық мүшелері Президенттің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауындағы 2018 жылғы тау-кен өндіру саласындағы заңнамалық реформалар және тау-кен өндіру секторын басқару жүйесін жедел жаңғырту қажеттілігі туралы тезистері **реформаның өзін қайта қарауға емес, тек мемлекеттік басқару аясында реформаны жүзеге асыруды жақсартуға қатысты** деп үміттенеді және сенеді. Өйткені салалық мемлекеттік саясаттағы сәйкессіздік ұлттық және шетелдік инвесторларды өз инвестицияларын қысқартуға немесе қайта инвестициялаусыз тез және қысқа табыспен инвестициялауға мәжбүр етеді.

Құрметпен және ізгі тілекпен,

«ҚазНедра» Қазақстан тау-кен Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

[қолы]

**«Жер Қойнаулары Тәуелсіз Сарапшыларының Кәсіби Бірлестігі ПОНЭН»
Қоғамдық Бірлестігі**

[қолы]

Геологиялық барлау жұмыстарының, минералдық ресурстар мен минералдық қорлардың нәтижелері туралы жария есептіліктің Қазақстандық қауымдастығы"
заңды тұлғалар бірлестігі (KAZRC)

[қолы]

Қосымша ақпарат және сұрақтарға жауап алу үшін

Қауымдастықтың бас директоры Тасқын Кошман ханымға хабарласуыңызды сұраймыз

Электрондық поштасы: taskyn@chamberofmines.kz

Веб-сайт: chamberofmines.kz

Қауымдастық туралы:

«ҚазНедра» қазақстандық тау-кен өндіру қауымдастығы 2023 жылдың наурыз айында Қазақстандағы пайдалы қазбаларды барлаушылардың, игерушілердің және өндірушілердің мүдделерін білдіру үшін құрылған. Қауымдастық Қазақстанның ұзақ мерзімді өркендеуіне жәрдемдесу үшін жауапты тау-кен өндіру тәжірибесін ілгерілетуге, қолайлы инвестициялық ахуалды қолдауға және саладағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылады. Құрылтайшылар қатарына қазақстандық және халықаралық геологиялық барлау компаниялары, соның ішінде акциялары Лондон және Канада қор биржаларында жарияланған компаниялардың өкілдері кіреді.